

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CSCM2746>**Т. Н. Ермекова, Б. Молдағали**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.**ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ АРҚЫЛЫ
ЕМЛЕ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮЗУДІҢ МАҢЫЗЫ**

Мақала соңғы кездері қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге қатысты туындаған бірқатар мәселелерге арналады. Бүгінгі жаһандану дәуірі ақпарат пен технологияның кең қанат жайып, қоғамның барлық саласы дерлік цифрлық жүйеге еніп, қарыштап дамуды бастан кешіп жатыр. Сан-салалы бағыттың замана көшіне ілесіп, даму үдерісінің қарқынды белең алуы дәл қазіргі уақыттың талабы болса керек. Олай болса, еліміздің дамуының басты өзегі болып табылатын тіл, жазу тағдыры өркендеу мен өсудің биік тұғырына әбден лайық мәселе болып табылмақ. Өйткені әрбір халық, қала берді ұлттың жалпы өмір сүру салты, қалыптасуы, даму жолы, кешегісі, бүгінгісі мен келешегі ана тілінің ахуалына тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті. Бұл – латын әліпбиіне көшу мәселесі. Әрине, латын әліпбиінің қабылдап, оған түбегейлі көшу үрдісі әлеуметтік-саяси, мәдени, экономикалық маңызы өте зор мәселе.

Әлем тілдеріндегі орфография, орфоэпия, транскрипция мәселелері қазақ тілінің табиғатына қалай үйлеседі деген мәселеде Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымына сүйену қажеттігіне мән беріледі. Бұл ұстаным кирилл әліпбиі мен оның емлесі санасына орныққан қазіргі буын үшін тосындау көрінетіні рас, бірақ ұлттық сананы жаңғырту арқылы бұл мәселені шешуге болады.

Кілтті сөздер: латын әліпбиі, емле, орфография, орфоэпия, транскрипция

Кіріспе

Елбасының қоғамда үлкен резонанс тудырған «Рухани жаңғыру» бағдаламасында негізгі міндеттердің бірі – қазақ тілін біртіндеп латын графикасына көшіру [1]. Қазір Қазақстан қоғамы латын қарпіне көшу процесіне кірісіп кетті. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру

жөніндегі Ұлттық комиссия құрылып, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін төрт арнайы жұмыс тобы құрылды:

орфографиялық (қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде орфография мен орфоэпия ережелерін дайындау үшін).

- әдістемелік (латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім беру жүйесіне біртіндеп енгізу үшін).

- терминжасам (латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелеу үшін).

- сараптамалық-техникалық (латын графикасын ІТ-технология талаптарына сәйкес келтіру үшін).

Аталған жұмыс топтары қазіргі таңда өз жұмыстарын аяқтау деңгейінде. Әліпби жобасы бірнеше рет ұсынылды. Дәл қазіргі таңда соңғы жетілдірілген нұсқасы әзірленуде. Қандай әліпби бекісе де, емле ережелерін қайта түзуге тура келеді. Өйткені әліпби ауыстыру әріп ауыстыру емес, сананы жаңғырту негізінде емле ережелерін де жаңғырту.

Материалдар мен әдістер

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көргеніне бір жылдан аса уақыт өткенімен, тілші ғалымдар бір тоқтамға келе қойған жоқ [2]. Емле ережелерін талқылау, саралау, салыстыру әдістері арқылы қазіргі емле ережелеріндегі кейбір мәселелерге қатысты жан-жақты ойлану қажеттігін көрсетті. Емле ережелері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанынан құрылған Орфографиялық топ мәжілістері мен баспасөз беттерінде талқыланып, сараланды [3]. Кирилл жазуы кезінде қолданып жүрген емле ережелерімізбен салыстыру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылаулар. Елбасы мақаласы біздің лексиконымызға ұлттық код, қоғамдық сананы жаңғырту сияқты ұғымдардың қолданылу жиілігін арттырып қана қойған жоқ, санаға сілкініс жасады. Әліпби жобаларының көптеп ұсынылуы, бірнеше рет биік мінберден қайтып келуі, БАҚ құралдары мен әлеуметтік желілердегі талқылаудың молдығы т.т. бұл мәселенің талай елдің санасына қозғау салғанын айғақтаса керек. Әліпби мәселесімен айналысушы ғалымдарымыз бұл әліпбидің қолданыстағы әліпбиден өзгешелігі болатындығын бірден айтты. Ғалым Е. Қажыбек: «Кейбіреулер әліпби ауыстыру әріп ауыстыру деп ойлайды. Олай емес, бұл тек қана 1-2 пайызы ғана, оңай мәселе. Ең бастысы тіліміздің бүкіл заңдылықтарын өзінің табиғатына сай жасап шығаруымыз керек» [4] – десе, профессор Ә. Жүнісбек: «әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру

керек болады. Қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады. Өйткені әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды» [5], – дейді. Бұл мәселеде белгілі ғалым Н. Уәлидің пікірі де айқын, қазіргі жазудың олқылығын көрсетеді: «...қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (экономика, медицина, цех, футбол, т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қостілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диқаншысы болған Ахаңнан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр» [6, 13].

Ғалымдардың бірауызды осындай тоқтамының нәтижесінде соңғы талқылауда жүрген әліпби кірме дыбыстарды бейнелейтін әріптерден түгелге жуық тазартылды. Барлық әріптер жаңа әліпбиде оң шешімін тапқанымен, 2-3 дыбыс пен оның таңбасына қатысты мәселе бар. Қиындық – орыс тілінде дауысты дыбыс болғандықтан, жасанды емле арқылы қазақ тіліне қасындағы дауысты дыбысты «жұтып» алып, қолданыстағы әліпбиімізге алшаңдай енген «дауысты» и мен у-да болып тұр.

Кезінде саясат ықпалымен енгізілген қазіргі қолданыстағы әліпбиімізге лайықталған емлеміздің дұрыс-бұрыс қағидаттарының санамызға орныққаны сонша – қазақ тілінің төл табиғатына үрке қарайтындар аз болмай тұр. Бұл мәселеде, жасыратыны жоқ, лингвистердің өз арасында «арқан тартыстың» басталып кеткеніне біраз болды. Бір жағында әліпби мен емле тіл табиғатына сай түзілуі керек, кезінде қолдан енгізілген жасанды дыбыстар мен осы дыбыстарды сіңіру үшін жасалған емле ережелеріне дәл қазіргі оңтайлы сәтте түзету жүргізіп алуды дұрыс деп санайтындар, екінші жағында қазақ тілінің табиғатында дауысты и мен у дыбыстарының жоқ екендігін мойындағанымен, одан бас тарту нәтижесінде орфографияда түйткілді мәселелердің көбейетінін, жазғанда да, оқығанда да автоматизмнің бәсеңдейтінін алға тартатындар тұр. Егер безбеннің бір жағына жазуды автоматтандыруды, үнем үшін кирилл жүйесіндегі «дауысты» и мен у-ды, екінші жағына қазақ тілінің төл табиғатына сай, дауысты дыбыстармен тіркесіп қана буын құрайтын дауыссыз й мен у-ды қойып таразылар болсақ, қай жағы батпан тартады? Төтеннен төрелік айтпай, Алланың қазақ

баласына берген үлкен сыйы, қазақ руханиятының көсемі, лингвистикалық түйсігі Еуропа университеттерін тәмамдаған ғұламалармен терезелес Ахмет Байтұрсынұлына жүгініп көрейікші. Ақаң әлемнің біраз тілдеріндегі әріп пен дыбыс сәйкесіміне талдау жасай келіп, қазақ, қырғыз тілдері туралы мынадай тұжырым айтады: «Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады. Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті боғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестік күшті... Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қоя білудің өзімен де үйренуші емілеміздің аз болса 60–70 %-ін біліп қалады» [7, 16]. Ақаң айтқан бұл ерекшелік – біздің тіліміздің кемшілігі емес, керісінше артықшылығы! Сондықтан да тіліміз осы уақытқа дейін орфоэпия мен транскрипцияға соншалықты тәуелді болмады (кейбір түбір мен түбір, түбір мен қосымша жігіндегі айтылым заңдылығын айтпағанда). Ақаң мұны да қолмен қойғандай жазып кеткен: «Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына қарай жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады» [10, 26]. Сондықтан да и мен у-ға қатысты естіліп тұрған дыбысты «үнемдеп, автоматтандыру» қағидасы арқылы орфоэпия мен транскрипцияға әсіреқұмарлықты, онсыз да икемі келіп тұрған тіл заңдылығына көпе-көрнеу тосқауыл қойып, жалған емле түзуге әсер етеді. Бастауыш сынып оқушысы мый, сыйыр, жый, сүү, түзуу деп жазса, мұның қате деп, оны орфоэпия мен транскрипцияда көрсетуіміз керек екен.

Шын мәнінде бала Ақаң айтқандай сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білгендіктен, оған сәйкес әріппен таңбалап тұр. Қазіргі қоғамда қалыптасқан жазудағы осы жаңсақ стереотипті бұзуды ауырсынып «жазуды қиындатып не керек?» деген ұстанымдағылар жоқ емес. Ойланып көрейікші, бірінші сыныптан бастап айтылуы мен жазылуында үлкен айырмашылығы бар ағылшын, орыс тілдерінің грамматикасын сол ұлт өкілдерімен бірдей (кейде артық) меңгерген қазақ баласына бұдан қандай салмақ түседі? XX ғасыр басында Ақаң айтқандай: «Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа ...Жазу үшін әріп алғанымен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, американ сияқты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айрылып, алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқиды» деген мақал болған жазу жүйесі нақ осылардікі». Міне, осы «ит деп жазып, шошқа деп оқитын» ағылшын тілін оқудан қиналмаған ұрпақ й мен у-дың алдындағы дауысты дыбысты жазғаннан «автоматтанбай» қалмайды. Оны «мына сөзді кирилл қарпімен 3 әріп арқылы жазатын едің,

енді 4-5 әріппен жазатын болдың» деп онсыз да күмілжіп тұрған социумның күдігін арттыру кімге пайдалы? Ақаң айтқан сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті қазақ тілінің ғажап табиғатын сақтап қалу үшін де санамызды жаңғыртайық. Рас, мұндай транскрипция мен орфоэпияға мұқтаж тілдер бар. Мысалы, сол ағылшын тіліндегі night — [nart], double [dʌbl], bird [bɜ:d] teacher ['ti:tʃə] door[dɔ:], salmon [sæmən] т.т. сөздердің жазылымында айтылымда естілмейтін әріптер тұр, бірақ ағылшынның жазылымы қиын деп үркіп жүрген бала жоқ, бәріміз үйренудеміз. Бұған қиналмаған адам й мен у-дың алдына естіп тұрған дыбысты таңбалай алмайды дегенге кім сенеді? Сондықтан кирилл таңбасына негізделген әліпби емлесіндегі осындай олқы тұстарды жөндеп алатын сәт туды.

Қорытынды

Бастысы – стереотипті бұзып, ұлттық сананы жаңғырта отырып, ұлттық кодты сақтау. Сананы жаңғырту күн сайын еніп, тіл иммунитетін әлсіретіп жатқан шеттілдік сөздерді игертуде де керек. Сананы жаңғырту биылғы мектепке баратын балалардың «Әліппесіне» де керек. ҚР Білім және ғылым министрі Қ. Аймағанбетовтің Тамыз конференциясында айтқан «Біз Әліппені қайтару керек деп есептейміз. Ол 2021 жылы, өздеріңізге жақсы таныс, қазақ тіліне бейімделген Ахмет Байұрсынұлының әдістемесі негізінде енгізілетін болады» [8] деген сөзін халық қалай қуана қабылдағанын, рух қалай көтерілгенін білесіздер. Ендеше «Әліппе» жазушылардан Ақанды қайта зерделеуді сұраймыз, министріміз айтқан, халық күткен «Әліппеде» қазақ тіліне тән, тән емес әріптерді тоғыта бере салу Ақан салған сұрлеу емес, ешқандай сана жаңғыруы да емес, тек пәннің атын («Сауат ашу» - «Әліппе») ауыстыру болып шығатынын айтқымыз келеді. Егер жаңа «Әліппе» түзелсе, ол латын қарпіне оңтайлы көшудің берік іргетасы да болар еді.

XXI ғасыр ғылым мен білім берудегі қарама-қайшылықтардың жаһандануымен, олардың адамзаттың жалпы мәселелерімен байланыстарының күшеюімен сипатталады. Қазіргі әлемдік ғылым-білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына бойынша оқу процесінің басты тұлғасы, субъектісі - білімгерлердің функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі болып саналады. Сондықтан латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиін, емле ережелерін оқытуда электрондық контент құрастыру білім алушылардың сауатты, бәсекеге қабілетті болуына өз септігін тигізе алады деген сенімдеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Назарбаев, Н.** Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2017, 12 сәуір.

2 <https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi-negizindegi-qazaq-tili-emlesinin-eredgeleri> [электронды ресурс].

3 Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді стратегиялық жоспарлау (тұжырымдама, бағдарлама, ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, есептер, слайдтар). – Алматы : А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017. – 104 бет, 154 бет слайд.

4 https://lenta.inform.kz/ru/erden-kazhybek-alipbi-auystyru-arip-auystyru-emes_a3029972 [электронды ресурс].

5 <https://tilalemi.kz/article/591-.html> [электронды ресурс].

6 **Уәли, Н.** Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы : ... баспасы, 2018ж. – 250 б.

7 **Байтұрсынов, А.** Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст : Ф. Әнес. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

8 <https://qaztest.kz/post/view?id=219> [электронды ресурс].

9 **Битэм, Э. Шарп, Р.** Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны [Мәтін] / ауд. С.К.Омарова»Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры . – Алматы, 2019. – 328 б.

10 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

References

1 **Nazarbaev, N.** Bolashaqqa baғdar : rýhani jańgyry // «Egemen Qazaqstan» gazetі. 12 sáyıir, 2017. [Orientation to the future : spiritual revival]. In «Egemen Kazakhstan» newspaper. – 2017, April 12.

2 <https://egemen.kz/article/180567-zhanha-alipbi-negizindegi-qazaq-tili-emlesinin-eredgeleri> [Electronic resource]

3 Qazaq tili әліпбиін латын графикасына көшіруді стратегиялық жоспарлау (тұжырымдама, бағдарлама, ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, есептер, слайдтар). [Strategic planning of the translation of the Kazakh alphabet into Latin script (concept, program, information, references, recommendations, reports, reports, slides)]. – Almaty : A. Baitursynov Institute of Linguistics, 2017. – 104 p., 154 p. slide.

4 https://lenta.inform.kz/ru/erden-kazhybek-alipbi-auystyru-arip-auystyru-emes_a3029972 [Electronic resource]

5 <https://tilalemi.kz/article/591-.html> [Electronic resource]

6 **Ýalı N.** Grafika. Orfografiya. Orfoepiya [Graphics. Spelling. Orthoepy]. – Almaty : ... Publishing House, 2018. – 250 p.

7 **Baitursynov, A.** Qazaq til biliminiń máseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Compiled by G. Anes. – Almaty : Abzal-Ai Publishing House, 2013. – 640 p.]

8 <https://qaztest.kz/post/view?id=21> [Electronic resource]

9 **Bitem, E. Sharp, R.** Pedagogikany tsifrlyq dáýirde qaita zerdeleyú. XXI ғасырдағы оқыту дизайны [Mátin] [Re-examination of pedagogy in the digital age. Educational design in the XXI century] [Text] transl. Omarova S.K. Public Foundation «National Translation Bureau». – Almaty, 2019. – 328 p.

10 **Baitursynov, A.** Til taғыlymy.[Language lessons. – Almaty : Ana tili, 1992. – 448 p.

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Т. Н. Ермекова, Б. Молдағали

Значимость орфографических правил в возрождении национального самосознания

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 28.08.20.

В статье рассматривается ряд актуальных вопросов, связанных с переходом казахского алфавита на латиницу. В эпоху глобализации информация и технологии распространяются, почти все слои общества входят в цифровую систему и переживают быстрое развитие. Необходимо идти в ногу со временем и ускорять процесс разработки. Таким образом, судьба языка и письма, являющихся стержнем развития страны, достойна высокого пьедестала процветания и роста. Само собой разумеется, что образ жизни, становление, путь развития, прошлое, настоящее и будущее каждого народа и города зависит от положения родного языка. Это проблема перехода на латинский алфавит. Конечно, процесс принятия латинского алфавита и его радикального перехода на него имеет большое социально-политическое, культурное и экономическое значение.

В статье акцент ставится на необходимости следовать позиции Ахмета Байтурсынова в вопросе орфографии, орфоэпии, транскрипции в мировых языках совместимы с природой казахского языка. Правда, нынешнему поколению, уходящему корнями в кириллицу и ее правописание, такая позиция может показаться удивительной, но решить эту проблему можно путем возрождения национального самосознания.

Ключевые слова: латинский алфавит, орфография, орфоэпия, транскрипция.

T. N. Ermekova, B. Moldagali

The importance of spelling rules in the revival of the national consciousness

Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 28.08.20.

The article deals with a number of recent issues related to the translation of the Kazakh alphabet into Latin script. In today's era of globalization, information and technology are spreading, almost all sectors of society are digitalizing and experiencing rapid development. You need to keep up with the times and speed up the development process. Thus, the fate of language and writing, which are the core of the country's development, deserves a high pedestal of prosperity and growth. It goes without saying that the general way of life, formation, path of development, past, present and future of each nation and city depends on the position of the native language. This is a matter of switching to the Latin alphabet. Of course, the process of adopting the Latin alphabet and a radical transition to it is of great socio-political, cultural and economic significance.

Emphasis is placed on the need to follow the position of Ahmet Baitursynov on how the issues of spelling, orthoepy, transcription in world languages are compatible with the nature of the Kazakh language. It is true that this position may seem surprising to the current generation, which is rooted in the Cyrillic alphabet and its spelling, but it is possible to solve this problem by reviving the national consciousness.

Keywords: Latin alphabet, spelling, orthography, orthoepy, transcription.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz